

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 797 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 8 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 7 9 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі № 926 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 33, 4 4 4 - қ ұ ж а т) .

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі № 926 және 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы № 801 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 32, 430-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі № 926 және 2005 жылғы 11 шілдедегі № 718 қаулыларына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылы 1 тамыздағы № 800 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 396 қаулысының 1-тармағы 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 2 2 , 2 0 9 - қ ұ ж а т) .

4. «Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1769 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК